

УДК 343.2



**СМАҒҰЛОВ АСЫЛБЕК АЙЖАРЫҚҰЛЫ**  
заң ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің депутаты,  
Заңнама және сот-құқықтық реформа  
комитетінің мүшесі

### ЕЛІМІЗДЕГІ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

**Түйін.** Автор өз мақаласына сыбайлас жемқорлық секілді қоғамдық қауіпті дертпен күрес мәселелерін арқау етіп, оның ішінде, әсіресе, мемлекеттік, заңнамалық тұрғыдан қабылданып жатқан шараларға тоқталады. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері осы салада атқарылып келе жатқан істерге шолу жасалған. Қазіргі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті жандандыра түсетін бағыттар мен шаралар көрсетілген.

**Түйінді сөздер:** сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлықпен күрес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары, сыбайлас жемқорлыққа деген төзбестік қарым-қатынас.

**Аннотация.** Автор в своей статье освещает вопросы борьбы с таким социально-опасным явлением как коррупция, в частности, посредством принимаемых государственных, законодательных мер.

Сделан обзор деятельности, осуществляемой в этой сфере со времени обретения независимости Казахстана. Показаны тенденции и меры в усилении борьбы с коррупцией в соответствии с нынешними стратегическими и программными документами.

**Ключевые слова:** коррупция, борьба с коррупцией, меры по противодействию коррупции, отношение нетерпимости к коррупции.

**Annotation.** The author in his article develops an argument that the fight against corruption is one of the acts injurious to the public. Specifically, this fact is disclosed by the taken measures at the state and legislative levels. The review of the performed work in this direction is carried out from the time when Kazakhstan gained its independence until present. Tendencies and measures of the fight against corruption are specified in compliance with the current strategic and program documents.

**Key words:** corruption, fight against corruption, actions directed to fight against corruption, intolerance related to corruption.



Сыбайлас жемқорлық – Қазақстанның қауіпсіздігіне, мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына қатер төндіріп, халықаралық аренада еліміздің теріс имиджін қалыптастыратын, жүргізіліп жатқан экономикалық және әлеуметтік реформаларға кедергі келтіретін келеңсіз құбылыс. Ол мемлекеттік басқару тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендетіп, әлеуметтік-экономикалық дамуды да тежейді.

Еуропа Кеңесінің деректеріне сүйенсек, Еуропалық Одаққа мүше елдердің экономикасына сыбайлас жемқорлықтан жылына 120 миллиард еуродан астам сомада залал келтіріледі екен [1].

Сондықтан да Елбасымыз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті әлемдік аренадағы саяси жетекшілік мәселесін айқындайтын, мемлекеттік саясаттың басым салаларының бірі ретінде белгілеп, конституциялық негіздерге қауіп төндіретін осы кесірлі індетті еңсеруді жалпы ұлттық міндет ретінде белгілеп берді.

Мәселен, «Қазақстан-2050» стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауда сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке төнетін тікелей қатер деп есептеліп, мемлекет пен қоғамды осы теріс құбылысқа қарсы күресте күш біріктіруге бағыттайды [2].

Қазақстанның осы маңызды мәселе бойынша принципті ұстанымын көрсететін еліміздің басты стратегиялық құжаты мемлекеттің алдағы жылдардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізі ретінде қызмет етеді.

Жалпы, біздің еліміз тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай келетін институттары мен тетіктерін құруға бағыт алып, оны мақсатты түрде кезең-кезеңімен іске асырып келе жатыр.

Еліміз 1998 жылы посткеңестік кеңістікте алғашқылардың бірі болып осы теріс құбылысқа қарсы күрестің мақсаттары мен міндеттерін, негізгі қағидаттары мен тетіктерін айқындайтын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылдады.

Осы Заң, шын мәнінде, посткеңестік кеңістік елдері үшін модельді заңға айналды.

Содан бері өткен 19 жыл ішінде біздің елімізде осы бағытта бірнеше бағдарлама қабылданды.

1998 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.

Онда бұл құбылыстың өзімен емес, оны тудыратын себептермен күресу керектігі баса айтылды.

Бұл Бағдарлама қабылданар алдында Жоғарғы тәртіптік кеңес Мемлекеттік комиссия болып қайта құрылды, оның міндеті – құқық қорғау және басқа органдардың осы саладағы қызметін үйлестіру, тиісті ұсыныстар даярлау, мемлекеттік аппаратта орын алған сыбайлас жемқорлық қылмыстардың тергелуін бақылау, идеологиялық-насихат жұмыстарын жүргізу болып табылды.

2000 жылғы сәуірде Мемлекет басшысы «Қылмыстылыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Ал 2001 жылдың қаңтарында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданды.

2002 жылы сәуірде Елбасының Жарлығымен Президент жанынан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері және мемлекеттік қызметкерлердің қызмет этикасын сақтауы жөнінде комиссия құрылды. Ол жергілікті тәртіптік кеңестердің

қызметін үйлестіруге тиіс еді, бірақ олармен арадағы байланыстың нақты тетіктері болмады, оның тәртіптік кеңестері атқарушы органдарға тәуелді болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың қызметіндегі тәртіпті нығайту жөніндегі шаралар туралы» 2005 жылғы 14 сәуірдегі Жарлығы шыққаннан кейін облыстар мен қалаларда Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік республикалық бюджеттен қаржыландырылатын тәртіптік кеңестері құрылды. Осы Жарлықты орындау мақсатында Мемлекеттік қызметшінің ар-намыс кодексі қабылданды, онда мемлекеттік қызметшілерден талап етілетін нормалар қарастырылды.

2005 жылдың желтоқсанында Қазақстан Республикасының Президенті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекітті [3], ал 2006 жылдың ақпанында Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы стратегиялық құжатты іске асыру шараларының жоспары туралы қаулысы шықты.

Бұған қоса, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 308 қаулысымен «Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011 - 2015 жылдарға арналған салалық бағдарлама» және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Сонымен қатар, «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің 2014 жылғы 11 қарашадағы № 001 қаулысымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың 2015-2025 жылдарға арналған бағдарламасы» бекітілді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы» бекітілді.

Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және кез-келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» төзімділік атмосферасын құруға бүкіл қоғамды тарту, сондай-ақ Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Стратегияда белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мыналар:

- мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- қоғамдық бақылау институттарын енгізу;
- квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл;
- сот және құқық қорғау органдарындағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Осы бағыттар шеңберінде «сыбайлас жемқорлық» ұғымын қайта қарастырып, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың аражігі нақты ажыратылып, мемлекет өміріне азаматтық бақылау жүйесін құруға және енгізуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ азаматтардың көпшілік ақпаратқа еркін рұқсат алуын қамтамасыз ететін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы», «Қоғамдық бақылау туралы», «Көпшілік ақпаратқа рұқсат туралы» жаңа заңдар дайындалып, қабылданды.

Сыбайлас жемқорлық деңгейін азайтуға қатысты 1998-2016 жылдар аралығында қабылданған заңнамалық актілерді, мемлекеттік бағдарламаларды талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы маңызды әлеует қалыптасқанын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды заңнамалық қамтамасыз ету бойынша бірқатар



шаралар іске асырылғанын көрсетеді.

Соңғы 18 жылда біздің елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында белгілі бір заңнамалық база қалыптастырылды. Мәселен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы нормативтік құқықтық база 15 заңмен жетілдіріліп, олар ұлттық заңнама талаптарына, халықаралық стандарттар талаптарына сай келіп отыр. Оның үстіне әкімшілік кедергілер төмендетіліп, лицензия берілетін қызмет түрлері мен рұқсаттар саны 4 есе кеміді.

Мемлекет басшысының «Бес институционалдық реформасын іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 13-қадамында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама әзірлеу міндеті көзделген. Осы мақсатта 2015 жылғы қарашада «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» жаңа Заң қабылданды [4].

Бұл құжат қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыруға және іске асыруға бағдарланған. Осы арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мемлекеттік саясаттың ең маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылатыны және оған жүйелі, мақсатты әрі дәйекті сипат тән екені атап көрсетіледі.

Жаңадан қабылдаған Заңның мақсаты – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияда көрсетілген талаптарға сай қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою. Алға қойып отырған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді іске асыру қажет етіледі: қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестікті қалыптастыру; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою; сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту арқылы іске асырылады. Аталған міндеттер өз алдына сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге, қоғамның мемлекеттік органдардың қызметіне деген сенімін арттыруға бағытталған құқықтық, әкімшілік және ұйымдық шаралар мен заң жобасында айқындалған өзге де шаралар кешенін білдіреді.

Жаңа Заңның бұрын қолданыста болған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңнан түбегейлі түрдегі өзгешелігі – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу оның негізгі басымдығы болып табылады.

Жемқорлықтың деңгейін азайту – еліміздің іргелі құндылығы – тәуелсіздігімізді нығайтатын негізгі шарттардың бірі. Біз азаматтық қоғамның барлық секторларымен, барлық мемлекеттік органдармен, бизнес өкілдерімен ынтымақтаса отырып қана осы мәселені шешіп, еліміздің әрі қарай дамуына жағдай жасай аламыз.

Қазіргі таңда бұл мәселеге елімізде үлкен көңіл бөлініп, нақты қадамдар қолға алынуда. Барлық деңгейде депутаттардың, саяси партиялардың, үкіметтік емес ұйымдардың, ұлттық-мәдени орталықтардың, бизнес қауымдастығының, жастар ұйымдарының, ғылыми орта мен БАҚ өкілдерінің қатысуымен қоғамдық кеңестер құрылған. Аталған шаралар жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыруға септігін тигізіп отыр.

Алайда жемқорлықпен күрес әлі де өзекті. Осы орайда, қоғамымыздың дамуы үшін құбылыспен күреске еліміздің барша азаматтары атсалысуға тиіс.

Осыған орай, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында: «сыбайлас жемқорлық пен шенеуніктердің ысырапшылығына қарсы ең сенімді тосқауыл – азаматтық бақылау. Осы арқылы, Мемлекет басшысы жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, қоғам тарапынан барған сайын артып отырған ымырасыздықты атап көрсетті.

Осыған байланысты, қоғамның өзі, республиканың әрбір азаматы алға

---

қойылған міндеттің маңыздылығын түсінгенде және сыбайлас жемқорлыққа қарсы батылдық танытқан кезде ғана сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша барлық қолданылатын әрекеттер нәтижелі болады.

Сыбайлас жемқорлыққа деген төзбестік қарым-қатынас – әрбір қазақстандықтың азаматтық ұстанымына, ал адалдық пен тұрақтылық – мінез-құлық нормасына айналуға тиіс. Азаматтарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты иммунитеттің болуы, оның жария түрде айыпталуы оң нәтижеге қол жеткізеді.

Өзара сенім, жауапкершілік пен серіктестік негізінде мемлекет, қоғам және бизнес өкілдерінің бірігуі, қоғамдағы жемқорлыққа қарсы пікір мен құқықтық сананы қалыптастыру еліміздегі жемқорлық деген әлеуметтік мәселені жоятынына сенімдімін.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. IV Евразийский антикоррупционный форум «Предупреждение коррупции: новые подходы». <https://pasm.ru/archive/122877/>.

2. «Қазақстан-2050» стратегиясы»: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің 23.12.2005 жылғы «Сыбайлас жемқорлықпен күрестің 2006-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы.

4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы.